ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша шешім)

2026 жылғы 24 ақпан №7119-26-00-2/1290 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты судьясы А.Ч.Абенова азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «№ 79 «Шабыт» балабақшасы» МКҚК

ЖАУАПКЕР:
ЖК «BEKTAEV» атынан Сейдазим Базаркүл Мадиярқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 267-4, 223-226 басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «№ 79 «Шабыт» балабақшасы» МКҚК-ның жауапкер ЖК «BEKTAEV» атынан Сейдазим Базаркүл Мадиярқызы мемлекеттік сатудың жозықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

ЖК «BEKTAEV» атынан Сейдазим Базаркүл Мадиярқызы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

ЖК «BEKTAEV» атынан Сейдазим Базаркүл Мадиярқызынан Астана қаласы әкімдігінің «№ 79 «Шабыт» балабақшасы» МКҚК-ның пайдасына 2 815 (екі мың сегіз жүз он бес) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 85 (сексен бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін

ЖК «BEKTAEV» атынан Сейдазим Базаркүл Мадиярқызынан мемлекет кірісіне 2 163 (екі мың бір жүз алпыс үш) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер қысқартылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 24.02.2026
Заңды күшіне енген күні: 03.04.2026, судья Абенова А. Ч., 07.04.2026
7119-26-3-1/994

күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап арызды алғаны және оның оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралғаны туралы тиісінше хабардар етілмесе және жауап бере алмаса, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер етуі мүмкін дәлелдемелер болса беріледі.

Шешімге тараптар АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, апелляциялық шағым беруге және осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген болса, сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья **А.Ч.Абенова**

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 24.02.2026

Заңды күшіне енген күні: 03.04.2026, судья Абенова А. Ч., 07.04.2026

7119-26-3-1/994